

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ**

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті

«Бекітемін»

ҚММУ ректоры, м.ғ.д., профессор
Досмағамбетова Р.С.

«Жалпы медицина» мамандығы
«Педиатрия» дайындау бағыты
«Балалар аурулары» пәні бойынша
тесттік тапсырмалар

Құрастырған:

м.ғ.к., №1 балалар аурулар
кафедрасының доценті Жупенова Д.Е.,
м.ғ.к., №2 балалар аурулар
кафедрасының профессор м.а.
Кизатова С.Т.

**№1 балалар аурулары
кафедрасының меңгерушісі**

м.ғ.д., профессор Скосарев И.А.,
№ 2 балалар аурулары
кафедрасының меңгерушісі
м.ғ.д., профессор Тукбекова Б.Т.

02_01_09_Балалар аурулары_каз

\$\$\$001

Ауруханаға келесі шағымдарымен бала түсті: тізе бундарының ісінуі, ауырсынуы, қимылдау шектелген, дене температурасы субфебрилды сандарға жоғарлаған. 3 апта бұрын ангинамен ауырған. Осы ауруы табан буындарының ісінуімен және ауырсынуымен басталды, содан тізе буындары қосылды. Қарағанда тізе буындары ісіген, қимылы шектелген, тізелері ыстық. Жүрек көлдене шекаралары ұлғайған. Жүрек тондары әлсіз, жүрек ұшы түрткісінде 5 нүктеде систолалық шу. Сіздің болжам диагнозыңыз?

- A) ревматизм I, белсенді фазасы, миокардит, полиартрит
- B) ревматоидтық артрит, буын-висцералдық формасы
- C) инфекциянды аллергиялық артрит
- D) жүйелік қызыл ноқта, белсенді фаза кардит, полиартрит
- E) ревматизм I, белсенді фазасы, полиартрит

{Дұрыс жауабы}=A

{Күрделілігі}=2

{Оқулық}= Детская кардиология и ревматология: практическое руководство / ред. Л. М. Беляева. - М. : МИА, 2011. - 584 с.

{Курс}= 7

{Семестр}= 14

\$\$\$002

12 жастағы науқас стационарға мынадай шағымдармен түсті: ерін аймағының, тілдің, білектерінің жансыздану сезімі, ауыз кебуі, жұтынудың қиындауы, шашалу. Объективті: ерін аймағының, білектердің, табандардың бозаруы, «ақ дақ» симптомының оң болуы байқалады. Бариймен R-логиялық зерттеуде: өңеш

перистальтикасының төмендеуі және колба тәрізді кеңеюі, үштен бір бөлігінің тарылуы байқалады. Болжамды диагноз?

- A) ЖКЖ
- B) дерматомиозит
- C) ревматизм
- D) түйінді периартериит
- E) жүйелі склеродермия.

{Дұрыс жауабы}=E

{Күрделілігі}=2

{Оқулық}= Детская кардиология и ревматология: практическое руководство / ред. Л. М. Беляева. - М. : МИА, 2011. - 584 с.

{Курс}= 7

{Семестр}= 14

\$\$\$003

Бала 11 жас. Әлсіздікке, салмағының төмендеуіне, қызбаға шағымданады. Қарағанда: жоғары және төменгі қабақта қызғылт эритема байқалды. Пальпацияда кенеттен миалгия және білек пен балтыр бұлшық еттерінің тығыздалуы. Әлсіздік, өзіне-өзі қызмет көрсетуі, төсектен тұруы қиындаған. ЖҚА қанадй өзгерістер орын алған?

- A) Тромбоцитопения
- B) ЭТЖ жоғарылауы
- C) ЭТЖ төмендеуі
- D) Моноцитоз
- E) Эозинофилия

{Дұрыс жауап}= B

{Күрделілігі}= 2

{Оқулық}= (Б. Түсіпқалиев Балалар аурулары:оқулық-Ақтөбе,2012.- 1144б)

{Курс}= 7

{Семестр}= 14

\$\$\$004

11 жасар ер бала скарлатинамен ауырған. Тексергенде: бозарған, селқостық, жүрек көлденен көлемі кенейген, жүрек ұшындағы 1 тонның тұйықталуы, үрлеген сияқты систоликалық шу жүрек ұшында,

қолтық астына дейін таралады, сирақ-табан буындарының артриті. Осы аталған диагноздардың қайсысы науқаста болуы мүмкін.

- A) Ревматоидты артрит
- B) Ревматизм
- C) Септический кардит
- D) Постинфекционный миокардит
- E) Бруцеллез

{Дұрыс жауап}= B

{Күрделілігі}= 2

{Оқулық}= (Б. Түсіпқалиев Балалар аурулары: оқулық-Ақтөбе, 2012.- 1144б)

{Курс}= 7

{Семестр}= 14

\$\$\$005

10 жасар қыз бала, шағымдармен емханаға түсті: мінез-құлқының өзгеруіне, қимылы шапшан, беттінің және аяқтарының бұлшық еттернің тітіркенуі, баланың жазуы өзгерген, гиперкинездер, жүрісі өзгерген, осы аурудың алдында 3 апта бұрын ангинамен ауырған. Қарағанда жүрек шекаралары үлкейген, тондары әлсіреген, интоксикация белгілері бар. Гиперкинезбен, мінезінің өзгеруін қандай аурумен байланыстыруға болады?

- A) ревматизм, хорей
- B) энцефалит
- C) гепатоцеребральды дистрофия
- D) жабысқақтық қозғалыспен невроз
- E) менингит

{Дұрыс жауабы}= A

{Күрделілігі}= 3

{Оқулық}= Детская кардиология и ревматология : практическое руководство / ред. Л. М. Беляева. - М. : МИА, 2011. - 584 с.

{Курс}= 7

{Семестр}= 14

\$\$\$006

10 жасар қыз бала. Шағымы: мінез-құлқының өзгеруі, қимылы шапшан, беттінің және аяқтарының бұлшық еттернің тітіркенуі, баланың жазуы өзгерген, гиперкинездер, жүрісі өзгерген, осы

аурудың алдында 3 апта бұрын ангинамен ауырған. Қарағанда жүрек шекаралары үлкейген, тондары әлсіреген, интоксикация белгілері бар. Берілген ауруда қанда қандай көрсеткіш жоғарлауы мүмкін:

- A) ақуыз, фибриноген, антистрептокиназа
- B) СРБ, серомукоид, L₂, j-ақуыз фракциясы, антистрептолизин О
- C) СРБ, АЛТ, АСТ, калий
- D) ақуыз фракциялары, сиал қышқылы, қалдық азот
- E) фибриноген, тромбоцит, креатинфосфокиназа

{Дұрыс жауабы}=В

{Күрделілігі}=3

{Оқулық}= Детская кардиология и ревматология : практическое руководство / ред. Л. М. Беляева. - М. : МИА, 2011. - 584 с.

{Курс}= 7

{Семестр}= 14

\$\$\$007

Бала 11 жас. Әлсіздікке, салмағының төмендеуіне, қызбаға шағымданады. Қарағанда: жоғары және төменгі қабақта қызғылт эритема байқалды. Пальпацияда кенеттен миалгия және білек пен балтыр бұлшық еттерінің тығыздалуы. Әлсіздік, өзіне-өзі қызмет көрсетуі, төсектен тұруы қиындаған. ЖҚА қанадй өзгерістер орын алған?

- A) Антиагреганттар
- B) Антиоксиданттар
- C) Глюкокортикоидтар
- D) АТФ
- E) Прозерин

{Дұрыс жауап}= С

{Күрделілігі}= 3

{Оқулық}= (Б. Түсіпқалиев Балалар аурулары:оқулық-Ақтөбе,2012.-11446)

{Курс}= 7

{Семестр}= 14

\$\$\$008

Ұл балаға 9 жас, әлсіз 1,5 ай бойы сырқатты, шаршау, салмағын жоғалту, артралгия. Температурасының 39-40⁰ С-ға көтерілуі. Объективті: артрит сирақтабандық, шынтақ-алақан буындарында,

эритема бетінде, мұрын аралығында. Жалпы қан анализінде: СОЭ-52 мм/сағ, биохимиялық анализ – диспротеинемия, ұлғаю α_2 және γ -фракция глобулины. LE-клетки 5:1000 лейкоцитов). Осы аталған лабораторлық мәліметтер ауруда күтіледі?

- A) Пенициллин
- B) Преднизолон
- C) Аспирин
- D) Бициллин
- E) Диклофенак

{Дұрыс жауап}= A

{Күрделілігі}= 3

{Оқулық}= (Б. Түсіпқалиев Балалар аурулары:оқулық-Ақтөбе,2012.-1144б)

{Курс}= 7

{Семестр}= 14